



Автор: Кендебай Лесгул
Пән: Дүниетану. Тарих компоненті
Сынып: 1-сынып
Бөлім: Бізді қоршаған әлем
Тақырып: Ауа райы деген не?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.2.2.1 ауа-райының адамға және оның іс-әрекетіне әсерін анықтау; 1.2.3.1 жыл мезгілдеріне орта табиғатта бос уақытты өткізу мүмкіндіктерін анықтау
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: -өзіне тән белгілері бойынша жыл мезгілдерін анықтауды және салыстыруды үйрене алады; Көптеген оқушылар: -ауа температурасын термометрмен өлшеуді үйрене алады; Кейбір оқушылар: - ауа-райының адамға және оның іс-әрекетіне әсерін анықтауды біле алады;
Тілдік мақсаттар:	Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Салт-дәстүр, ауыз әдебиет Үш тілділік: ауарайы – погода – weather; жыл мезгілдері – времена года – seasons; қыс – зима – winter; көктем – весна – spring; күз – осень – autumn; жаз – лето – summer.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Слайттар, суреттер арқылы танысып біледі.
Пәнаралық байланыс:	Жаратылыстану, математика, АКТ.
Бастапқы білім:	Мен қайда тұрамын

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру, шаттық шеңберіне тұру: Жарқырап күн де ашылды, Айналаға гүл шашылды. Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Қайырлы күн! Біз сүйкімді баламыз! -Олай болса, күнге оң қолымызды созып, күннен жырықты, жылуды, шуақты алып жүрегімізге қоямыз. Ол жылуды, жарықты, шуақты бір-біріміздің қолымызды ұстап жақсы тілектер айтып береміз. «Не артық?» ойыны артық суретті тауып топқа бөлу. Оқушыларды жыл мезгілдерінің суреттеріне қарай топқа бөлу. Осылайша 4 топ құрылады.	
Сабақтың ортасы	1 тапсырма Т4 топ бойынша жұмысты ұйымдастырамын. Д/о: «Дидарды киіндіру». Ауарайына байланысты киінудің керектігін естеріне салады. Балалардан қажетті киімдерінің суретін көтеріп көрсетулерін, өз әрекеттерінің суретін көрсетулерін сұраймын. Суреттегі жыл мезгіліне сәйкес киімдерді анықтаңыз және байланыстырыпсызыңыз	
Сабақтың соңы	Оқушылар -- жыл мезгілдерінің белгілері туралы; -- әртүрлі жыл мезгіліндегі ойындар туралы; -- Қазақстанның әр өңіріндегі ауа райы туралы білді. Оқушылар -- жыл мезгілдерін белгілері бойынша анықтауға және салыстыруға; -- ауа температурасын анықтау үшін термометрді пайдалануға; -- бақылау нәтижелерін шартты белгілермен белгілеуге; -- ауа райына сәйкес киіне білуге үйренді. Бағалау ретінде оқушыларға сөйлемді толықтыруға тапсырма беріңіз: Ауарайы – бұл Термометр – бұл Жыл мезгілі – бұл	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия	Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды?Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма?Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе?Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?	